**«Ғ.Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ**

**Ақтөбе қаласы** **№1414** **«31» тамыз 2022 жыл**

**Оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру туралы**

**Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы, «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IY Заңы, «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодекс пен тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңы және Ақтөбе облысының білім басқармасының № 2-3292 нұсқау хаты негізінде және қыз балаларға рухани-жыныстық, рухани-адамгершілік тәрбие беру, кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің және жыныстық көлсұғылмаушылықтың алдын алу мақсатында**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1.Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің, жыныстық көлсұғылмаушылықтың алдын алу және рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында білім алушылары, ата-аналары үшін медицина, полиция, құқық қызметкерлерінің қатысуымен дәрістер, кездесулер, дөңгелек үстелдер және т.б. шаралары өткізілсін;

2.Оқушыларға рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында қосымша білім беру бағдарламасында берілген тақырыптарды орындалсын;

3.Мектепте және мектептен тыс орындарда оқушылар ережелерін қатаң сақтау жөнінде барлық ата-аналары мен оқушылары таныстырылсын;

4.Білім алушылар мектеп өмірінде және қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелеріне сәйкес, қоғамдық-адамгершілік нормаларын сақтауға, күнделікті тұрмысты ұйымдастыруға, иманды мінез-құлық дағдылары мен әдептілікке тәрбиелеу мақсатында мектепте және мектептен тыс мекемелерде өтетін іс шараларға қатыстырылсын;

5.Мектепте қыз балаларға инабаттылық, сымбаттылық, рухани-адамгершілік, рухани-жыныстық тәрбие беру мақсатында «Инабат» қыздар клубының құрамы, жұмыс жоспары бекітіліп, жұмысы жалғастырылсын;

5.1.Жаңа оқу жылында «Инабат» қыздар клубының жетекшісі аға-тәлімгер Г.Сайлаубаева және оқушылар арасында қыздар кеңесінің төрайымы бекітілсін;

5.2. «Аналар кеңесі» аналары, әжелері қыз балалар арасында адамгершілік пен инабаттылыққа тәрбиелеу бағытында оқушылармен жұмыстар жүргізу 1-11-сынып жетекшілеріне және аға тәлімгер, «Инабат» қыздар клубының жетекшісі Г.Сайлаубаеваға міндеттелсін;

6.Кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің және жыныстық көлсұғылмаушылықтың алдын алу жұмыстары директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Б.З.Матаеваға, Г.Т.Жүсіпке жүктелсін.

7.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Мектеп-гимназиясы директоры Ж.О.Романова